




Electrolux



electrolux.com/register



EVM9E2XT

KVM9E2XT

LVM9E2XZ

KK Қолдану туралы нұсқаулары | **Микротолқынды пеш**



3

RU Инструкция по эксплуатации | **Микроволновая печь**

23



OPHATY / MOHTAJ



Electrolux компаниясына қош келдіңіз! Құрылғымызды таңдағаныңызға рақмет.



Пайдалану туралы ақпаратты, кітапшаларды, ақаулықты жою құралы, қызмет көрсету және жөндеу туралы ақпаратты мына жерден алыңыз:
www.electrolux.com/support

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

МАЗМҰНЫ

1. ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ.....	3
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ.....	6
3. ӨНІМ СИПАТТАМАСЫ.....	9
4. БАСҚАРУ ТАҚТАСЫ.....	9
5. БІРІНШІ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА.....	10
6. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ.....	11
7. ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАР.....	13
8. САФАТ ФУНКЦИЯЛАРЫ.....	14
9. АКСЕССУАРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ.....	15
10. СӨЗКӨМЕКТЕР ЖӘНЕ КЕҢЕСТЕР.....	15
11. КҮТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ.....	19
12. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ.....	19
13. ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ.....	21
14. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙЛАР.....	21

1. ⚠ ҚАУІПСІЗДІК АҚПАРАТЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Дұрыс орнатпау немесе пайдаланбау нәтижесінде орын алған жарақат немесе зақымға өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықтарды кейін қарап жүру үшін әрқашан қауіпсіз және қол жетімді жерде сақтаңыз.

1.1 Балалар мен осал адамдар қауіпсіздігі

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар мен дене, сезім не ақыл-ой қабілеттері шектеулі не тәжірибесі аз адамдар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның қадағалауы не құрылғыны қауіпсіз қолдану бойынша берген нұсқауына сүйеніп, дұрыс қолданбау салдарын түсінсе, онда қолдануына болады. 8 жасқа толмаған

балалар мен мүмкіндіктері өте шектеулі мүгедек адамдарды басқалар қадағаламаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.

- Балалардың құрылғымен және қолданбасы бар мобильді құрылғылармен ойнамауын қадағалау керек.
- Барлық орам материалдарын балалардан алыс ұстап, қоқысқа тиісті түрде тастау керек.
- ЕСКЕРТУ: Құрылғы мен оның қолжетімді бөліктері пайдалану кезінде қызады. Құрылғы пайдаланылғанда немесе ол суып жатқанда, оған балалар мен үй жануарларын жақындатпаңыз.
- Құрылғыда бала қауіпсіздігінің құралы бар болса, оны белсендіру керек.
- Балалар құрылғыны жөндеу және тазалау жұмыстарын бақылаусыз орындамауы керек.

1.2 Жалпы қауіпсіздік

- Бұл тек тағам пісіруге арналған құрылғы.
- Бұл құрылғы ішкі ортада бір отбасының тұрмыстық пайдалануына арналған.
- Бұл құрылғыны кеңселерде, қонақүй бөлмелерінде, төсек пен таңғы ас берілетін қонақ бөлмелерінде, ферма үйлерінде және мұндай пайдалану (орташа) тұрмыстық пайдалану деңгейлерінен аспайтын басқа ұқсас тұрғын жайда пайдалануға болады.
- Білікті маман ғана осы құрылғыны орнатуы және кабельді ауыстыруы тиіс.
- Құрылғыны кірістірілген құрылымға орнату алдында пайдаланбаңыз.
- Кез келген техникалық қызмет көрсетуді орындау алдында құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Егер қуат сымы зақымдалса, ток соғу қаупін болдырмау үшін, оны өндіруші немесе оның уәкілетті қызмет көрсету орталығы не сол сияқты білікті маман ауыстыруы тиіс.

- ЕСКЕРТУ: Электр тогының соғу қаупін болдырмас үшін шамды ауыстыру алдында құрылғының өшірулі екеніне көз жеткізіңіз.
- ЕСКЕРТУ: Құрылғы мен оның қолжетімді бөліктері пайдалану кезінде қызады. Қыздыру элементтерін немесе құрылғы қуысының бетін ұстауға болмайды.
- Керек-жарақтарды немесе тұмпапеш ыдыстарын алу немесе салу үшін әрқашан тұмпапеш қолғабын киіңіз.
- Тек осы құрылғыға арналған бұрылмалы табақ пен бұрылмалы табақтың тіреуішін пайдаланыңыз.
- Құрылғы бос кезде шағын толқын функциясын белсендірмеңіз. Қуыс ішіндегі металл бөліктер электр доғаны тузуі мүмкін.
- Тағам мен сусындарға арналған металл сауыттарды шағын толқынмен пісірген кезде қолдануға рұқсат берілмейді. Егер өндіруші шағын толқынмен пісіруге арналған металл сауыттардың өлшемі мен пішімін көрсетсе, бұл талап қолданылмайды.
- ЕСКЕРТУ: Есік немесе есік тығыздағыштары зақымдалса, құрылғыны білікті адам жөндегенше пайдаланбау керек.
- ЕСКЕРТУ: Шағын толқынды энергияның әсерінен қорғауды беретін жабынды алуды қамтитын кез келген қызметті немесе жөндеу жұмысын тек білікті адам жүзеге асыра алады.
- ЕСКЕРТУ: Сұйықтықтарды және басқа тамақтарды тығыздалған ыдыстарда қыздырмаңыз. Олар жарылуы мүмкін.
- Шағын толқынды пештерде пайдалануға болатын құралдарды ғана пайдаланыңыз.
- Пластик немесе қағаз сауыттарда тағам қыздырған кезде, құрылғыны қадағалаңыз, тұтанып кетуі мүмкін.
- Құрылғы тамақ пен сусындарды қыздыруға арналған. Тамақты немесе киімдерді кептіру және жылыту төсемелерін, тәпішкені, ысқыштарды, дымқыл шүберекті

және ұқсас нәрселерді қыздыру жарақат алу, тұтану немесе өрт қаупіне әкелуі мүмкін.

- Түтін шықса, құрылғыны өшіріңіз немесе розеткадан ажыратыңыз және кез келген алауды өшіру үшін есікті жабық ұстаңыз.
- Сусындарды шағын толқындармен қыздыру кешіктірілген жарылғыш қайнауға әкелуі мүмкін. Ыдысты ұстаған кезде сақ болу керек.
- Күйіктерді болдырмау үшін тұтыну алдында тамақ беру бөтелкелерінің және нәресте тамақ құтыларының ішіндегісін араластыру немесе сілку және температурасын тексеру керек.
- Қабығы ашылмаған жұмыртқаларды және бүтін қатты қайнатылған жұмыртқаларды құрылғыда қыздырмау керек, өйткені олар тіпті шағын толқындармен жылыту аяқталғаннан кейін де жарылуы мүмкін.
- Құрылғыны жүйелі түрде тазалау және бүкіл тамақ қалдықтарын кетіру керек.
- Құралды тазарту үшін бумен тазартқышты пайдаланбаңыз.
- Шыны есікті тазалау үшін қатты жеміргіш заттарды немесе өткір темір қырғыштарды пайдаланбаңыз, себебі сызат түсіріп, шыны шытынап кетуі мүмкін.
- Құрылғыны таза күйде ұстамау беттің нашарлауына әкелуі мүмкін, ал бұл құрылғының қызмет көрсету мерзіміне теріс әсер етуі және қауіпті жағдайға әкелуі мүмкін.

2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

2.1 Орнату



АБАЙЛАҢЫЗ!

Осы құрылғыны тек білікті маман ғана орнатуға тиіс.

- Орам материалдарының барлығын алыңыз.

- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Бізден веб-сайтымыздан алуға болатын орнату туралы нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғы ауыр болғандықтан, орнынан жылжытқан кезде әрқашан абай болыңыз. Әрқашан қауіпсіздік қолғабы мен бітеу аяқ киім киіңіз.
- Құрылғыны тұтқасынан тартпаңыз.

- Құрылғыны орнату талаптарына сәйкес ыңғайлы және қауіпсіз жерге орнатыңыз.
- Құрылғылар мен заттардың арасындағы минимум қашықтықты сақтаңыз.
- Құрылғыны орнатпас бұрын, құрылғы есігі кедергісіз ашылып тұрғанын тексеріңіз.
- Құрылғы электр салқындату жүйесімен жабдықталған. Ол электр қуат көзінен жұмыс істеуі керек.

2.2 Электр тогына қосу



АБАЙЛАҢЫЗ!

Өрт және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Электртогына қосу жұмыстарының барлығын білікті электрші ғана іске асыруы керек.
- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Техникалық ақпарат тақтасындағы параметрлердің негізгі қуатпен жабдықтау желісіндегі электр параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Өрқашан дұрыс орнатылған, соққыға төзімді розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптер мен ұзартқыш сымды қолданбаңыз.
- Құрылғының ашасы мен желілік сымына ешбір зақым келтірмеңіз. Қорек сымын ауыстыру қажет болса, оны міндетті түрде қызмет көрсету орталығы жүзеге асыруға тиіс.
- Электр сымдарына қол тигізуге немесе құрылғының есігіне не құрылғының төменгі жағына, әсіресе ыстық тұрған есікке жақындауға болмайды.
- Ток жүріп тұрған және гидроизоляциясы бар бөлшектерді электр қатерінен қорғау үшін құралсыз алынбайтын етіп мықтап орнату керек.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана қосыңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Егер розетка бекітілмеген болса, ашаны жалғамаңыз.

- Құрылғыны ажырату үшін электр сымынан тартпаңыз. Өрдайым қорек ашаны қолмен тартып шығарыңыз.
- Тек дұрыс оқшаулағыш құралдарды қолданыңыз: желіні қорғайтын ажыратқыштарды, сақтандырғыштарды (ұстатқыштан алынған бұрандалы сақтандырғыштар), жерге тұйықталудан қорғау тетіктері мен тұйықтағыштарды пайдаланыңыз.
- Электр қондырғысында құрылғыны кез келген ток полюстерінен ажыратуға мүмкіндік беретін оқшаулағыш құрылғы болуы керек. Оқшаулағыш құрылғыда кеңдігі 3 мм-ден кем емес саңылау болуы керек.
- Бұл құрылғы желілік ашамен және желілік кабельмен жабдықталған.

2.3 Пайдалану



АБАЙЛАҢЫЗ!

Жарақат алу, күйіп қалу, электр қатеріне ұшырау не жарылыс шығу қаупі бар.

- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Желдету саңылауларының бітелмегенін тексеріңіз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны назардан тыс қалдырмаңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін өрқашан сөндіріңіз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде есікті ашқанда абайлаңыз. Ыстық ауа шығуы мүмкін.
- Құрылғыны дымқыл қолдармен немесе суға тиіп тұрғанда пайдаланбаңыз.
- Ашық есікке күш салмаңыз.
- Құрылғыны жұмыс беті немесе сақтау беті ретінде пайдаланбаңыз.
- Құрылғының есігін абайлап ашыңыз. Алкогольді ингредиенттерді қолданғанда, алкоголь мен ауа қоспасы пайда болуы мүмкін.
- Есікті ашқан кезде жарқыл немесе ашық оттың құрылғымен жанасуына жол бермеңіз.
- Тұтанғыш өнімдерді немесе тұтанғыш өнімдермен ылғалдандырылған заттарды құрылғының ішіне, жанына немесе үстіне қоймаңыз.

- Wi-Fi құпиясөзіңізді бөліспеңіз.
- Құрылғыны алдын ала қыздыру үшін қысқа толқынды функцияны пайдаланбаңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ!

Құрылғыға зақым келу қаупі бар.

- Эмальдің зақымдалуын немесе өңсізденуін болдырмау үшін:
 - алюминий жұқалтырды құрылғының табанына тура қоймаңыз.
 - суды тікелей ыстық құрылғыға қоймаңыз.
 - әзірлеуді аяқтағаннан кейін құрылғыда ылғалды ыдыстарды және тағамдарды сақтамаңыз.
 - керек-жарақтарды алып немесе орнатқан кезде абай болыңыз.
- Құрылғының эмаль қаптамасының немесе тот баспайтын болат бөлігінің түсінің өзгеруі құрылғы жұмысына әсер етпейді.
- Бұл құрылғымен бірге берілген немесе өндіруші ұсынған аксессуарларды ғана пайдаланыңыз.
- Әрқашан құрылғының есігі жабық күйде әзірлеңіз.
- Егер құрылғы жиһаз панелінің (мысалы, есіктің) артына орнатылса, онда құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде есіктің ешқашан жабылмайтынына көз жеткізіңіз. Жиһаз панелінің артқы жағында жылу және ылғал жиналуы және кейін құрылғыға, корпусқа немесе еденге зақым тигізуі мүмкін. Құрылғы пайдаланудан кейін толығымен суығанша жиһаз панелін жаппаңыз.

2.4 Күту және тазалау

АБАЙЛАҢЫЗ!

Жарақаттау, өртену немесе құрылғыға зақым келу қаупі бар.

- Құрылғыны жөндеу алдында электр желісінен ағытыңыз және ашасын розеткадан суырыңыз.
- Құрылғының суық екеніне көз жеткізіңіз. Шыны панельдердің сыну қаупі бар.
- Зақым келген болса есіктің шыны панельдерін дереу ауыстырыңыз.

Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Әр қолданған сайын корпуссты, бұрылмалы табақты және есікті мұқият құрғатып сүртіңіз. Құрылғыны пайдалану кезінде шығатын бу қуыс қабырғаларында тұрып қалады және суға айналып, коррозияға әкелуі мүмкін.
- Құрылғының бетіндегі материалдың сапасы түспес үшін жүйелі түрде тазалап тұрыңыз.
- Құрылғының ішінде қалған май және тағам шағын толқын функциясы жұмыс істеген кезде өртке және электр доғасы түзілуіне әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны дымқыл жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Бейтарап жуғыш заттарды ғана қолданыңыз. Жеміргіш өнімдерді, түрпілі жөкелерді, еріткіштерді немесе металл заттарды пайдаланбаңыз.
- Тұмшапеш бүріккішін қолдансаңыз, оның орамындағы қауіпсіздік туралы нұсқауларды орындаңыз.

2.5 Ішкі жарық

АБАЙЛАҢЫЗ!

Ток соғу қаупі бар.

- Осы өнімнің ішіндегі шам(дар) мен шамдардың қосалқы бөлшектері жеке сатылады: Бұл шамдар температура, діріл, ылғалдылық сияқты төтенше физикалық жағдайларға тұрмыстық құрылғылардың қарсы тұруына немесе құрылғының жұмыс жағдайы туралы сигнал беруге арналған. Олар басқа қолданбаларда пайдалануға арналмаған және тұрғын үйлерді жарықтандыруға сәйкес келмейді.
- Бұл өнімде G класындағы қуат тиімділігі бар жарық көзі бар.
- Техникалық параметрлері сай келетін шамдарды ғана пайдаланыңыз..

2.6 Қызмет

- Құрылғыны жөндеу үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тек түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.

2.7 Қоқысқа тастау



АБАЙЛАҢЫЗ!


Жарақат алу немесе тұншығу қаупі бар.

- Құрылғыны утилизациялау жолы туралы ақпарат алу үшін муниципалды органға хабарласыңыз.

- Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғыға жақын орналасқан электр кабелін кесіп, утилизациялаңыз.

3. ӨНІМ СИПАТТАМАСЫ


3.1 Жалпы шолу



- 1 Басқару тақтасы
- 2 Дисплей
- 3 Қыздыру элементі
- 4 Микротолқындар генераторы
- 5 Шам
- 6 Бұрылмалы табақтың білігі

4. БАСҚАРУ ТАҚТАСЫ

4.1 Басқару панеліне шолу



1

ON
(
ҚОСУЛ
Ы) / OFF
(
ӨШІРУЛ
I)

Құрылғыны қосу және өшіру үшін басып тұрыңыз.

2

Дисплей Құрылғының ағымдық параметрлерін көрсетеді.

Басқару тақтасы әртүрлі пісіру функциялары мен тағамдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ол ағымдағы жұмыс күйі туралы ақпаратты көрсетеді.

4.2 Дисплей

Дисплей толығымен интерактивті, жылжымалы және анықталған бөлімдерге бөлінген. Солға немесе оңға жылжу үшін экранды сырғытуыңызға болады.

OK

Таңдауды/параметрді растау.

> <

Мәзірдегі келесі немесе алдыңғы деңгейге өту.

	Қосымша параметрлерге кіру және реттеу.
	Ағымдағы параметрлерді сақтау: Favourites (Таңдаулылар) көрсетілгенше қайта-қайта түртіңіз.
	Ағымдағы параметрлерді жою: Favourites (Таңдаулылар) көрсетілгенше қайта-қайта түртіңіз.
	Шамды қосу және сөндіру үшін.
	Опцияларды қосу және өшіру.
	Құрылғы құлыптаулы.
	Sound Alarm (Дыбыстық дабыл) функциясы белсендірілді.

	Sound Alarm and stop cooking (Дабыл сигналын беріп, әзірлеуді тоқтату) функциясы белсендірілді.
	Pop up message only (Тек қалқымалы хабар) белсендіріледі.
	Қалқымалы хабарды жабу немесе параметрден бас тарту.
	Wi-Fi қосылымы қосулы.
	Wi-Fi қосылымы өшірулі.
	Remote Operation (Қашықтан басқару) қосылады.

5. БІРІНШІ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА

АБАЙЛАҢЫЗ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

5.1 Алғашқы қосылым

Дисплейде алғашқы қосылымнан кейін сәлемдесу хабары көрсетіледі. Қосылу процесін бастауды немесе өткізіп жіберуді таңдауға болады. Параметрлерді кез келген уақытта қажетінше қайта қарауға және өзгертуге болады.

Параметрлерді реттеу: Language (Тіл), Time of Day (Тәулік уақыты), сымсыз қосылым.

5.2 Сымсыз байланыс

Құрылғы Wi-Fi желісінің қосылымын және мобильді құрылғыны байланыстыру мүмкіндігін қосады. Хабарландыруларды алуға, мобильді құрылғылар арқылы құрылғыны басқаруға және бақылауға болады.

Құрылғыны жалғау үшін төмендегілер қажет:

- Интернет байланысы бар сымсыз желі.
- Бірдей сымсыз желіге қосылған мобильді құрылғы.

1. Қолданбаны жүктеп алу үшін пайдаланушы нұсқаулығының артқы

бетінде орналасқан QR кодын сканерлеңіз. Сондай-ақ қолданбаны қолданбалар дүкенінен тікелей жүктеп алуға болады.

2. Қолданбаны қосу бойынша нұсқауларын орындаңыз.
3. Құрылғыны қосыңыз.
4. Мәзірге кіру үшін < пернесін басыңыз және солға қарай сырғытыңыз. Таңдаңыз: Settings (Параметрлер)/Connections (Қосылымдар).
5. Қосу немесе өшіру үшін басыңыз: Wi-Fi.

Құрылғының сымсыз модулі 90 сек ішінде іске қосылады.

Жиілік	2.4 ГГц WLAN : 2400 - 2483.5 МГц
	Bluetooth: 2400 - 2483.5 МГц
Макс. қуат	2.4 ГГц WLAN : EIRP < 20 дБм (100 мВт)
	Bluetooth: EIRP < 20 дБм (100 мВт)
Протокол	2.4 ГГц WLAN : IEEE 802.11bgn

5.3 Бағдарламалық құрал лицензиялары

Бұл өнімдегі бағдарламалық құрал тегін және бастапқы коды ашық бағдарламалық құралға негізделген компоненттерді

қамтиды. Electrolux Electrolux әзірлеу жобасына ашық бағдарламалық құрал және робототехника қауымдастықтарының қосқан үлесін ризашылықпен мойындайды.

Лицензия шарттары жариялауды талап ететін осы тегін және бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал компоненттерінің бастапқы кодына қатынасу және олардың толық авторлық құқық туралы ақпаратты және тиісті лицензия шарттарын көру үшін мына сайтқа кіріңіз: <http://electrolux.opensoftwarerepository.com> (NIU6 қалтасы).

5.4 Бастапқы алдын ала қыздыру және тазалау

Алғашқы пайдалану және тағамды дайындау алдында бос құрылғыны алдын

ала қыздырыңыз. Құрылғыдан жағымсыз иіс пен түтін шығуы мүмкін. Алдын ала қыздыру кезінде бөлмені желдетіңіз.

1. Құрылғы ішіндегі барлық аксессуарды алыңыз.
2. Мәзірге кіріп, келесіні таңдаңыз: Functions (Функциялар) көрсетілгенше қайта-қайта түртіңіз.
3.  функциясын орнатыңыз. Құрылғының 1 жұмыс істеуіне мүмкіндік беріңіз сағ.
4. Құрылғыны өшіріп, ол суығанша күтіңіз.
5. Құрылғы мен аксессуарларды тек микроталшықты шүберекпен, жылы сумен және жұмсақ жуғыш затпен тазалаңыз.
6. Аксессуарларды бастапқы орнына қойыңыз.

6. КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ



АБАЙЛАҢЫЗ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

6.1 Menu (Мәзір)

Мәзірге кіру үшін < пернесін басыңыз және солға қарай сырғытыңыз.

- Dishes (Тағамдар)
- Functions (Функциялар)
- Favourites (Таңдаулылар)
- Settings (Параметрлер)

6.2 Functions (Функциялар)

Қосалқы мәзірде пісіру функцияларының тізімі бар.

Функциялар тізімі бағдарламалық құрал нұсқасына байланысты өзгеруі мүмкін.

1. Мәзірге кіріп, келесіні таңдаңыз: Functions (Функциялар) көрсетілгенше қайта-қайта түртіңіз.
2. Қыздыру функциясын таңдаңыз.
3. Параметрлерді реттеңіз.
4. START түймесін басыңыз.
5. ^ — пісіру кезінде параметрлерді реттеу үшін басыңыз.

6. STOP — қыздыру функцияны сөндіру үшін басыңыз.



Top (Үсті)

Үстін жылдам қызарту үшін қарқынды жылытыңыз.



Microwave (Шағын толқын)

Қайта қыздыру мен пісіруді жылдамдату.



Grill + MW (Гриль + МТ)

Нәзік тағамдар үшін төмен отпен жұмсақ гриль жасау. Жылдам пісіру үшін жоғары қызумен қарқынды гриль жасау.



Reheat (Қайта қыздыру)

Бұл функция тағам қалдықтарын баяу қыздырады.



Grill (Гриль)

Бетін біркелкі қызарту және қытырлату.



Defrost (Еріту)

Бұл функция тағамды әрі қарай дайындау үшін ақырын ерітеді.



Melt (Еріту)

Микротолқынды пеш технологиясымен сары майды немесе шоколадты ерітуге арналған.



Roast (Қуырдақ)

Ет, балық, құс етін және көкөністерді қуыруға арналған.



Егер есікті ашсаңыз, микротолқын функциясы тоқтайды. Қайта бастау үшін есікті жауыңыз.

6.3 Параметр: Microwave (Шағын толқын)

1. Негізгі дисплейде Microwave (Шағын толқын) түймесін басыңыз.
2. Микротолқынды пештің уақытын және қуатын орнатыңыз.
3. START түймесін басыңыз.
4. STOP — функцияны өшіру үшін басыңыз.

Егер есікті ашсаңыз, функция тоқтайды.

Оны қайта іске қосу үшін START түймесін басыңыз.

6.4 Dishes (Тағамдар)

Dishes (Тағамдар) ішкі мәзірі арнайы тағамдарға арналған бағдарламалар жинағынан тұрады. Осы қосалқы мәзірдегі әрбір тамақ қолайлы параметрмен жабдықталған. Пісіру кезінде уақытты, температураны және, мүмкін болса, микротолқын қуатын реттеуге болады.

1. Мәзірге кіріп, келесіні таңдаңыз: Dishes (Тағамдар) көрсетілгенше қайта-қайта түртіңіз.
 2. Тағамды немесе тағам түрін таңдаңыз.
 3. Параметрлерді пісіру параметрлеріне сәйкес реттеңіз.
 4. Тағамды құрылғының ішіне экрандағы нұсқауларға сәйкес салыңыз.
 5. START түймесін басыңыз.
- Функция аяқталған кезде тағамның дайын екенін тексеріңіз. Қажет болса, пісіру уақытын ұзартыңыз.

6.5 Favourites (Таңдаулылар)



Бұл функция тек таңдалған модельдер үшін қолжетімді.

Қыздыру функциясы, ыдыс жуу немесе тазалау функциясы сияқты 20 таңдаулы параметрге дейін сақтауға болады.

Параметрді сақтау үшін қажетті параметрді таңдап, түймесін басыңыз.

Таңдаңыз: Favourites (Таңдаулылар)

1. Мәзірге кіріп, келесі түймесі басыңыз: Favourites (Таңдаулылар) сақталған параметрлерді тексеру.
2. Сақталған параметрлердің біреуін таңдаңыз.
3. Пісіруді бастау үшін START түймесін басыңыз.

Жою: Favourites (Таңдаулылар)

1. Мәзірге кіріп, келесі түймесі басыңыз: Favourites (Таңдаулылар) сақталған параметрлерді тексеру.
2. Мынаны басыңыз: сақталған параметрлерді жою.

6.6 Settings (Параметрлер)

Бұл қосалқы мәзірге параметрлер тізімі кіреді.

Ішкі мәзір: Setup (Параметрлерді орнату)

Language (Тіл)	Құрылғы тілін орнату.
Time of Day (Тәулік уақыты)	Ағымдағы уақытты орнату.
Display Brightness (Дисплей жарықтығы)	Дисплей жарықтығын орнату.
Key Tones (Түймешік сигналдары)	Сенсорлық өрістердің үнін қосу және сөндіру. үшін үндерді өшіру мүмкін емес.
Buzzer Volume (Зуммердің дыбыс деңгейі)	Перне үндері мен сигналдарының дыбыс деңгейін орнату.
Temperature unit (Температура бірлігі)	Ағымдағы температура бірлігін көрсету.

Ішкі мәзір: Service (Қызмет)

Demo Mode (Деморежим)	Қосу / сөндіру коды: 2468
Software Version (Бағдарламалық құрал нұсқасы)	Бағдарламалық жасақтаманың нұсқасы туралы ақпарат.
Reset All Settings (Барлық параметрді қалпына келтіру)	Зауыттық параметрлерді қалпына келтіреді.

Ішкі мәзір: Preferences (Параметрлер)

Light (Шам)	Шамды қосады және өшіреді.
Child Lock (Бала құлпы)	Құрылғының кездейсоқ белсендірілуін болдырмайды.
Standby Screen Personalisation (Күту режиміндегі экранды жекелендіру)	Экран мүмкіндіктері мен таңбашаларды реттеу.

Ішкі мәзір: Connections (Қосылымдар)

Connect To Wi-Fi (Wi-Fi желісіне жалғау)	Құрылғыны сымсыз желімен жалғау.
Wi-Fi	Қосу және өшіру үшін: Wi-Fi көрсетілгенше қайта-қайта түртіңіз.
Network (Желі)	Желі күйін және сигнал қуатын тексеру үшін: Wi-Fi көрсетілгенше қайта-қайта түртіңіз.
Forget Network (Желіні ұмыту)	Ағымдағы желінің құрылғыға автоматты түрде қосылуын өшіру үшін.
Remote Operation (Қашықтан басқару)	START (БАСТАУ) түймесін басқаннан кейін қашықтан жұмысты автоматты түрде бастау үшін. Опция сіз қосқаннан кейін ғана көрінеді: Wi-Fi көрсетілгенше қайта-қайта түртіңіз.

7. ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАР

7.1 Child Lock (Бала құлпы)

Бұл функция құрылғының байқаусыз іске қосылуына жол бермейді. Оны кез келген уақытта іске қосуға болады.

1. Мәзірге кіріңіз.
2. Таңдаңыз: Settings (Параметрлер)/ Preferences (Параметрлер)/Child Lock (Бала құлпы).

Child Lock (Бала құлпы) белсендіріледі. Құрылғыны пайдалануды қосу үшін код әріптерін алфавиттік ретпен басыңыз.

7.2 Желдеткіш

Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, құрылғы беттерін салқын ұстау үшін, желдеткіш автоматты түрде қосылады. Құрылғыны сөндірсеңіз, желдеткіш құрылғы салқындағанша жұмыс істеп тұра береді.

8. САҒАТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

8.1 Сағат функцияларының сипаттамасы

Функция	Сипаттамасы
Timer (Таймер)	Пісіру ұзақтығын орнату. Ең көбі 23 сағ 59 мин. Уақыт аяқталғанда не болатынын орнату үшін таңдаулы опцияны таңдаңыз: End Action (Өрекетті аяқтау). Таймерді пеш жұмыс істемей тұрғанда да дербес пайдалануға болады.
End Action (Өрекетті аяқтау)	 Sound Alarm (Дыбыстық дабыл) Уақыт аяқталғанда дыбыстық сигнал естіледі. Бұл функцияны кез келген уақытта, тіпті құрылғы өшірулі кезде орнатуға болады.
	 Sound Alarm and stop cooking (Дабыл сигналын беріп, әзірлеуді тоқтату) Уақыт аяқталғанда дыбыстық сигнал шығып, қыздыру функциясы сөнеді. Микротолқынды пеш функциялары үшін қолжетімді емес.
	 Pop up message only (Тек қалқымалы хабар) Уақыт аяқталғанда дисплейде хабар көрсетіледі. Бұл функция құрылғының қызметіне әсер етпейді.
Delayed start (Кешіктіріп іске қосу)	Әзірлеудің басталуын және/немесе аяқталуын кейінге қалдыру. Микротолқынды пеш функциялары үшін қолжетімді емес.
Time Extension (Уақыт кеңейтімі)	Әзірлеу уақытын ұзарту.

8.2 Timer (Таймер)

1. Қыздыру функциясын таңдаңыз.
2. Басыңыз: Timer (Таймер) көрсетілгенше қайта-қайта түртіңіз.

3. Ұзақтықты орнатыңыз. Таңбалардың біреуін басу арқылы қажетті аяқталу әрекетін таңдауға болады.
4. OK түймесін басу арқылы растап, негізгі экранға оралыңыз.

8.3 Delayed start (Кешіктіріп іске қосу)

1. Қыздыру функциясын таңдап, параметрлерді реттеңіз.
2. ... түймесін басыңыз.
3. Басыңыз: Delayed start (Кешіктіріп іске қосу) көрсетілгенше қайта-қайта түртіңіз.
4. Айналдыру арқылы қажетті басталу уақытын орнатып, OK түймесін басыңыз.
5. Осы қадамды өткізіп жіберу үшін енді қажетті End time (Аяқталу уақыты) параметрін орнатуға немесе OK түймесін басуға болады.
6. OK түймесін басу арқылы негізгі экранға оралыңыз.

8.4 Time of Day (Тәулік уақыты)

1. Құрылғыны қосыңыз.
2. Мынаны басыңыз: Settings (Параметрлер)/Setup (Параметрлерді орнату)/Time of Day (Тәулік уақыты).
3. Уақытты орнатыңыз.
4. OK түймесін басыңыз.

8.5 Таймер параметрлерін өзгерту

Әзірлеу кезінде орнатылған уақытты кез келген уақытта өзгертуге болады.

1. ^/Timer (Таймер) түймесін басыңыз.
2. Жаңа таймер мәнін орнатыңыз. OK түймесін басыңыз.


9. АКССЕСУАРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

9.1 Керек-жарақтарды енгізу

Жарамды ыдыс пен материалды ғана пайдаланыңыз. Шағын толқынды пешке жарамды ыдыстар мен материалдарды «Сөзкөмектер және кеңестер» тарауынан қараңыз.




Осы құрылғымен бірге жеткізілген бұрылмалы табақ жинағын ғана пайдаланыңыз. Тамақты әрқашан бұрылмалы табақ жинағында әзірлеңіз.

Бұрылмалы табақ айналасында айналмалы бағыттағышты қойыңыз. Бұрылмалы шыны табақты айналмалы бағыттағышқа қойыңыз. Айналмалы табақ жинағының дұрыс жұмыс істеуіне мүмкіндік беру үшін шыны пластинаның негізіндегі ойықтар бұрылмалы табақ білігімен сәйкес келуін қамтамасыз етіңіз.

Гриль сөресін орнату

Жинақтың құрамы: Төменгі сөре, Жоғарғы сөре. Гриль сөресін бұрылмалы табақ жинағына табандарын төмен қаратып қойыңыз.



Микротолқынды пеш қыздыру функциялары үшін тек төмен гриль сөресі ұсынылады.

10. СӨЗКӨМЕКТЕР ЖӘНЕ КЕҢЕСТЕР

10.1 Пісіруге арналған ақыл-кеңес

Пісіру және қуыру процестері тек бір деңгейде қолайлы.

Кестелердегі температура мен пісіру уақыттары тек нұсқаулық болып табылады. Олар рецепттерге, пайдаланылатын ингредиенттердің сапасы мен мөлшеріне байланысты.

Құрылғыңыз алдыңғы құрылғыңызға қарағанда басқаша пісіруі мүмкін. Төмендегі сөзкөмектер тағамның арнайы түрлеріне арналған пісіру уақыты үшін ұсынылатын пісіру функциялары мен параметрлерді көрсетеді.

Арнайы рецептіге арналған параметрлерді таба алмасаңыз, ұқсас біреуін пайдаланыңыз.

Қуат үнемдеуге қатысты кеңестерді «Қуат тиімділігі» тарауынан қараңыз.

Кестелерде пайдаланылған белгілер:

	Тағам түрі
	Қыздыру функциясы
	Аксессуар
	Шағын толқын қуаты (Вт)
	Пісіру уақыты (мин)

10.2 Сынақ жүргізу мекемелеріне арналған ақпарат

Бір деңгейде пісіру

Сынақтар мына стандарттар бойынша өткізіледі: EN 60350-1, IEC 60350-1, EN 60705, IEC 60705.

Сөрөні пайдаланғанда, тағамды тікелей соған қойыңыз. Сөрөні айналмалы табақтың ортасына қойыңыз.

				
Тост 1)	Grill (Гриль)	Жоғарғы сөре	-	5 - 6
Бисквит бөліші	Microwave (Шағын толқын)	Төменгі сөре	600	6 - 7
Котлета	Microwave (Шағын толқын)	-	400	28 - 33
Балғын омлет	Microwave (Шағын толқын)	Төменгі сөре	400	17 - 22
Тартылған етті еріту (500 г) 2)	Microwave (Шағын толқын)	Төменгі сөре	200	7 - 9
Картоп гратині	Grill + MW (Гриль + МТ)	-	300	35 - 40
Тауық еті (1100 г) 3)	Grill + MW (Гриль + МТ)	Төменгі сөре	200	40
	Grill (Гриль)		-	28 - 33

1) Келесіге сәйкес: IEC 60350-1:2016 және IEC 60350-1:2023.

2) Уақыттың жартысы өткеннен кейін етті ең ұзын жағымен аударыңыз.

3) Тартпаның астындағы айналмалы табақтың ортасына табақты салыңыз. Тауықтың төс жағын төмен қаратып тікелей төмен сөреге қойыңыз. 40 мин кейін тауықты аударып, қыздыру функциясын келесі параметрге өзгертіңіз: Grill (Гриль) көрсетілгенше қайта-қайта түртіңіз.

Қосымша рецептілер

				
Салқындатылған төрелкедегі тағамдар (1 порция) 1)	Microwave (Шағын толқын)	-	400	12
			600	1 - 3
Бала бөтелкелеріндегі сұйықтықтар 2)	Microwave (Шағын толқын)	-	1000	0.5
Лазанья, мұздатылған (400 г)	Grill + MW (Гриль + МТ)	-	200	30 - 35
Лазанья, мұздатылған (600 г)	Grill + MW (Гриль + МТ)	-	200	44 - 49
Мұздатылған пицца	Grill + MW (Гриль + МТ)	Төменгі сөре	200	12 - 14
Грильде пісірілген аралас көкөністер	Grill + MW (Гриль + МТ)	-	300	20 - 25
Рататуиль	Grill + MW (Гриль + МТ)	-	300	23 - 28

				
Толтырылған саңырауқұлақтар	Grill + MW (Гриль + МТ)	-	300	15 - 20
Толтырмасы бар каннелони	Grill + MW (Гриль + МТ)	-	200	33 - 38

- 1) Тағамды микротолқынды пешке арналған пластик қақпақпен жабыңыз.
- 2) Бетелкені айналмалы табаққа, және оның жетінен 3 см аралыққа қойыңыз.

10.3 Микротолқынға қатысты ұсыныстар

Тағамды айналмалы табақ жинағына тікелей қоюға болмайды. Әрқашан микротолқынды пешке сай келетін ыдысты қолданыңыз.

Ыдысты айналмалы табақ жинағының ортасына қойыңыз.

Тым ыстық немесе өте суық заттарға тию айналмалы табақ жинағын бұзуы мүмкін.

Нәтижелерді жақсарту үшін тағамды пісіру уақытының ортасына жеткенде аударыңыз немесе араластырыңыз.

Сұйық тағамдарды арасында араластырыңыз.

Тағамды үстелге тарту алдында араластырыңыз.

Жылудың таралуын жақсарту және қатты қайнатпау үшін сұйықтықтарды қыздырған кезде қасықты шыныаяққа немесе стаканға салыңыз. Қасық тұмшапештің ішкі бөлігінің ешбір бөлігіне тиіп кетпеуі керек, бұл ұшқын тудыруы мүмкін.

Тағамды құрылғыға орам материалынсыз қойыңыз. Оралған дайын тағамдарды, орам материалы микротолқынды құрылғы үшін жарамды болса ғана тұмшапешке салуға болады. «Микротолқынды пешке жарамды ыдыстар мен материалдар» бөлімін «Сөзкөмектер және кеңестер» тарауынан қараңыз.

Микротолқынды аралас функцияларын пайдаланғанда тағамның бетін жабуға болмайды. «Күнделікті пайдалану» тарауын қараңыз.

Құрылғының ішінде тамақ болмағанда, «Микротолқынды пеш» функцияларын пайдалануға болмайды.

Микротолқындармен пісіру

Микротолқынды пеш функцияларымен пісіруге немесе қыздыруға арналған тағамды жабыңыз. Тағамды қытырлақ етіп пісіргіңіз келсе, қақпақ жаппай пісіріңіз.

Қуатты және уақытты тым жоғары етіп орнату арқылы тамақтарды артық пісірмеңіз. Тағам кеуіп, жанып не өрт қаупін тудыруы мүмкін.

Құрылғыда жұмыртқаны не шырышты қабықтарымен пісіру үшін болмайды, себебі олар жарылып кетуі мүмкін. Қуырылған жұмыртқаны қайта қыздыру үшін сарыуызын тесіңіз.

Терісі не қабығы бар тағамды пісіру алдында бірнеше рет тесіңіз.

Көкөністерді кішкенелеп тураңыз.

Құрылғыны сөндіргеннен кейін тағамды шығарып алыңыз да, жылу біркелкі таралуы үшін бірнеше минут бойы тұрғызыңыз.

Микротолқынмен жібіту

Мұздатылған, оралмаған тағамды астыңғы жағында ыдысы бар төңкерілген кішкене табаққа немесе жібітуге арналған сұйықтық ағып кетуі үшін жібіту сәресіне немесе пластикалық елекке қойыңыз.

Жібіген бөліктерді алып отырыңыз.

Жеміс пен көкөністерді алдын ала жібітпей пісіру үшін жоғарырақ микротолқын қуатын пайдалануға болады.

Нәтижелерді жақсарту үшін аударыңыз. Ет сияқты тез бұзылатын тағамдарды еріткенде, оны екі рет аударыңыз.

10.4 Микротолқынға жарамды ыдыстар мен материалдар

Микротолқын үшін тек жарамды ыдыстар мен материалдарды ғана пайдаланыңыз. Төмендегі кестені анықтама ретінде пайдаланыңыз.

Пайдалану алдында ыдыстардың/материалдың/тағам контейнерінің сипаттамасын қараңыз.

Осы кестедегі тізімде көрсетілмеген басқа арнайы микротолқынды пешке арналған ыдыс үшін өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.

Ыдыстар/материал				
Пешке төзімді шыны және ешбір темір бөлігі жоқ, мысалы, қызуға төзімді шыны керамика	✓		✓	✓
Пешке төзімді емес шыны және керамика күміс, алтын, платина немесе металмен безендірілмеген	✓		X	X
Пешке төзімді/аязға төзімді материалдан жасалған шыны немесе шыны керамика	✓		✓	✓
Кварц немесе металл бөліктері жоқ не металл жалатылмаған пешке төзімді керамика және фарфор ыдыстар	✓		✓	✓
Керамика, фарфор және балшықтан жасалған, табаны жалатылмаған не кішкене тесіктері бар, мысалы тұтқасында	X		X	X
200 °C температураға дейінгі қызуға төзімді пластик	✓		✓	X
Тек картон, қағаз	✓		X	X
Қаптамалау пленкасы	✓		X	X
Микротолқынды пешке арналған пленка	✓		✓	X
Металдан жасалған қуыруға арналған ыдыстар, мыс., эмаль, шойын	X		X	X
Қара лакпен немесе силиконмен қапталған қуыруға арналған қалбырлар	X		X	X
Жоғарғы сөре	X		X	X
Төменгі сөре	✓		✓	✓

10.5 Қуат параметрлері

Төмендегі деректер тек нұсқаулық ретінде берілген.

900 - 1000 Вт

- Сұйықтықтарды қыздыру

800 Вт

- Күріш пісіру
- Попкорн

500 - 700 Вт

- Көкөністерді пісіру
- Бір тәрелке тағамды қыздыру
- Баяу бұқтыру
- Дайын қатырылған тағамдарды еріту және қыздыру

300 - 400 Вт

- Жеңіл тағамды пісіру/қыздыру
- Пісіруді жалғастыру

- Сәби тамағын қыздыру
100 - 200 Вт
- Нанды, жемістерді, торттарды, кондитерлік өнімдерді, ірімшіктерді, сары майларды, ет пен балықты еріту

- Шоколад пен сары майды еріту

11. КҮТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

АБАЙЛАҢЫЗ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

11.1 Тазалау туралы ескертпелер

Жуғыш заттар

- Құрылғының алдыңғы жағын тек микроталшықты шүберекпен, жылы сумен және жұмсақ жуғыш затпен тазалаңыз.
- Металл беттерді тазалау үшін, тазартқыш ерітіндіні пайдаланыңыз.
- Дақтарды жұмсақ жуғыш затпен тазалаңыз.

Күнделікті қолдану

- Құрылғының ішін әр пайдаланып болған сайын тазалаңыз. Жиналған май немесе басқа қалдық өртке әкелуі мүмкін.
- Құрылғының үстіңгі жағын қалдық пен майдан абайлап тазалаңыз.
- Тағамды құрылғыда 20 минуттан артық сақтамаңыз. Құрылғының ішін әр пайдаланғаннан кейін тек микроталшықты шүберекпен құрғатыңыз.

Керек-жарақтар

- Әрбір пайдаланудан кейін барлық аксессуарларды тазалап, құрғатыңыз. Тазалау алдында бұрылмалы табақ салқындағанша күтіңіз. Бұрылмалы табақ сынып қалуы мүмкін. Айналмалы табақтың тегіс айналуын қамтамасыз ету үшін ролик бағыттағышын және науаның төменгі жағын таза ұстаңыз. Тек жұмсақ жуғыш зат қосылған жылы суға малынған микроталшықты шүберекті пайдаланыңыз. Керек-жарақтарды ыдыс жуғыш машинада жумаңыз.
- Жабыспайтын қабаты бар аксессуарларды абразивтік тазалағышты немесе үшкір жиекті заттарды пайдаланып тазаламаңыз.

11.2 Шамды ауыстыру

АБАЙЛАҢЫЗ!

Шыны қақпақ ыстық болғандықтан, күйіп қалу қаупі бар. Шамды қорғаныш қолғаппен ұстаңыз.

Шамды ауыстыруға тек сервистік орталыққа рұқсат етілген. Уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

12. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

АБАЙЛАҢЫЗ!

Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

12.1 Не істерсіз, егер...

Мәселе сипаттамасы	Себеп және жөндеу құралы
Құрылғыны белсендіре немесе пайдалана алмадыңыз.	Құрылғы электр желісіне қосылмаған немесе ол дұрыс жалғанбаған.

Мәселе сипаттамасы	Себеп және жөндеу құралы
Құрылғы қызбай тұр.	Сағат орнатылмаған. Сағатты орнату үшін бөлімін қараңыз Сағат функциялары. Есік дұрыс жабылмаған. Сақтандырғыш күйіп кеткен. Мәселенің себебі сақтандырғыш екеніне көз жеткізіңіз. Мәселе қайталанса, білікті электршіге хабарласыңыз. Child Lock (Бала құлпы) белсендіріледі.
Шам сөндірулі екенін.	Шам күйіп кеткен. Шамды ауыстырыңыз. Мәліметтерді бөлімінен қараңыз Қуту және тазалау.
Бұрылмалы істік жинағы шу шығарады.	Бұрылмалы табақтың астында тамақ қалдықтары қалған. Науаны әр пайдаланғаннан кейін тазалаңыз.
Сымсыз сигналға қатысты мәселе пайда болады.	Мобильді құрылғының сымсыз желіге қосылған не қосылмағанын тексеріңіз. Сымсыз желіні және маршрутизаторды тексеріңіз. Роутерді қайта іске қосыңыз.
Жаңа роутер орнатылды немесе роутер конфигурациясы өзгерді.	Құрылғыны және мобильді құрылғыны конфигурациялау үшін Бірінші пайдалану алдында тарауының «Сымсыз қосылым» бөлімін қараңыз.
Сымсыз желінің сигналы әлсіз.	Роутерді құрылғыға барынша жақындатып қойыңыз.
Сымсыз сигналды құрылғының жанына орнатылған микротолқынды пеш үзеді.	Микротолқынды пешті өшіріңіз. Микротолқынды пеш пен қашықтан басқару құралын қатар пайдаланудан аулақ болыңыз. Микротолқындар Wi-Fi сигналын үзеді.

12.2 Қате кодтары

Бағдарламалық құрал қатесі орын алған кезде дисплей қате туралы хабарды көрсетеді. Мәселелердің тізімін төмендегі кестеден табасыз.

Код және сипаттама	Шешім
F102 — есік жабық немесе есіктің бекітпесі бұзылған. 1)	Есікті жабыңыз. Құрылғыны қосыңыз және сөндіріңіз.
F240, F239 — дисплейдегі сенсорлық өрістер дұрыс жұмыс істемейді.	Дисплейдің бетін тазалаңыз. Сенсорлық өрістерде кірдің жоқтығына көз жеткізіңіз.
F908 — құрылғы жүйесі басқару тақтасына қосыла алмайды.	Құрылғыны қосыңыз және сөндіріңіз.
F602, F603 — Wi-Fi қолжетімді емес. 1)2)	Құрылғыны қосыңыз және сөндіріңіз.

1) Келесі қате туралы хабарлардың бірі дисплейде көрсетілуін жалғастырса, бұл ақаулы қосалқы жүйе өшірілген болуы мүмкін дегенді білдіреді. Мұндай жағдайда дилерге немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

2) Осы қателердің бірі орын алса, құрылғының қалған функциялары әдеттегідей жұмысын жалғастырады.

12.3 Қызмет көрсету туралы деректер

Ақаулықты өзіңіз түзете алмасаңыз, дилеріңізге не уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Сервистік орталыққа қажет деректер техникалық деректер тақтайшасында берілген. Техникалық ақпарат тақтайшасы құрылғының алдыңғы жақтауында орналасқан. Ол есікті ашқанда көрінеді.

Құрылғының ішіндегі техникалық ақпарат тақтайшасын алмаңыз.

Деректерді мына жерге жазуды ұсынамыз:

Модель (MOD.) :

Өнім нөмірі (PNC):

Сериялық нөмір (S.N.):

13. ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

13.1 Қуатты тұтыну және қолданылатын төмен қуат режиміне жетудің максималды уақыты туралы өнім туралы ақпарат

Күту режимінде пайдаланылатын қуат	0.8 Вт
Желіге қосылған күту режимінде пайдаланылатын қуат мөлшері	2.0 Вт
Құралдың қолданылатын төмен қуат режиміне автоматты түрде жетуі үшін қажетті ең көп уақыт	20 мин

Сымсыз желі қосылымын қосу және өшіру туралы нұсқаулар алу үшін «Алғашқы пайдалану алдында» тарауын қараңыз.

13.2 Қуатты үнемдеу кеңестері

Төмендегі кеңестер құрылғыны пайдалану кезінде қуат үнемдеуге көмектеседі.

Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда, құрылғы есігінің жабық екеніне көз жеткізіңіз. Пісіру кезінде құрылғы есігін жиі ашуға болмайды. Есіктің тығыздағышын таза ұстаңыз және оның өз орнында тұрғанына көз жеткізіңіз.

Қуатты үнемдеуді жақсарту үшін металл ыдыстарды және қараңғы, шағылыспайтын қаңылтырлар мен контейнерлерді пайдаланыңыз (микротолқын емес функцияны қолданғанда ғана).

Арнайы ұсынылмаса, пісіру алдында құрылғыны алдын ала қыздырмаңыз.

Бірнеше тағамды бір уақытта пісірген кезде, пісіру циклдарының арасын барынша қысқа етіңіз.

Шамды сөндіріп пісіру

Шамды тағам пісіру барысында сөндіріңіз. Қажет кезде қосыңыз.

14. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙЛАР

Белгі  салынған материалдарды қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз. Орам материалдарын қайта өңдеуден өткізу үшін тиісті контейнерлерге салыңыз. Электрлік және электроникалық құрылғылардың қалдығын қайта өңдеуден өткізу арқылы, қоршаған ортаға және адамның денсаулығына зиян келтіретін

жағдайларға жол бермеуге өз үлесіңізді қосыңыз. Белгі  салынған құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Өнімді жергілікті қайта өңдеу орталығына өткізіңіз немесе жергілікті мекемеге хабарласыңыз.

Осы өнімнің өндірілген күні сериялық нөмірде көрсетілген, оның нөмірінің бірінші саны өндірілген жылдың соңғы санына, екінші және үшінші сандар аптаның реттік нөміріне сәйкес келеді. Мысалы, 14512345 сериялық нөмірі өнім 2021 жылдың қырық бесінші аптасында өндірілгенін білдіреді.

Өндіруші: Electrolux Appliances AB, St. Göransgatan 143, 105 45 Stockholm, Швеция.

Польшада жасалған.

Добро пожаловать в Electrolux! Благодарим вас за то, что вы остановили свой выбор на нашем изделии.



Рекомендации по использованию изделия, брошюры, руководство по устранению неисправностей, информацию о техническом обслуживании и ремонте можно найти на странице:
www.electrolux.com/support

Право на изменения сохраняется.

СОДЕРЖАНИЕ

1. СВЕДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ.....	23
2. УКАЗАНИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ.....	27
3. ОПИСАНИЕ ПРИБОРА.....	30
4. ПАНЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ.....	30
5. ПЕРЕД ПЕРВЫМ ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ.....	31
6. ЕЖЕДНЕВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ.....	32
7. ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ФУНКЦИИ.....	34
8. ФУНКЦИИ ЧАСОВ.....	34
9. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АКСЕССУАРОВ.....	35
10. УКАЗАНИЯ И РЕКОМЕНДАЦИИ.....	36
11. УХОД И ОЧИСТКА.....	39
12. ПОИСК И УСТРАНЕНИЕ НЕИСПРАВНОСТЕЙ.....	40
13. ЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ.....	42
14. ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ.....	42

1. ⚠ СВЕДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Перед установкой и эксплуатацией прибора внимательно ознакомьтесь с настоящей Инструкцией по эксплуатации. Изготовитель не несет ответственность за какие-либо травмы или ущерб, возникшие вследствие неправильной установки или эксплуатации. Всегда храните эту Инструкцию под рукой в надежном месте для последующего использования.

1.1 Безопасность детей и лиц с ограниченными возможностями

- Этот прибор может использоваться детьми старше восьми лет и лицами с ограниченными физическими, сенсорными или умственными способностями и с

недостаточным опытом или знаниями только при условии нахождения под присмотром лица, отвечающего за их безопасность, или после получения соответствующих инструкций, позволяющих им безопасно эксплуатировать изделие и дающих им представление об опасности, связанной с его эксплуатацией. Детям младше 8 лет и лицам с ярко выраженными и комплексными нарушениями здоровья запрещается находиться рядом с прибором без постоянного присмотра.

- Дети должны находиться под присмотром для недопущения игр с прибором и мобильными устройствами с установленным на них приложением.
- Храните все упаковочные материалы вне досягаемости детей и утилизируйте их надлежащим образом.
- **ВНИМАНИЕ!** Прибор и его открытые элементы сильно нагреваются во время эксплуатации. Не подпускайте детей и домашних животных к прибору во время его использования, а также когда прибор еще не успел остыть.
- Если прибор оснащен устройством защиты детей, его следует включить.
- Очистка и доступное пользователю техническое обслуживание прибора не должны выполняться детьми без присмотра.

1.2 Общая безопасность

- Данный прибор предназначен исключительно для приготовления пищи.
- Данный прибор предназначен для бытового применения в отдельном домохозяйстве.
- Данный прибор можно использовать в офисах, гостиничных номерах, мини-гостиницах типа «ночлег и завтрак», сельских жилых домах и других аналогичных помещениях, где такое использование не превышает (среднего) уровня бытового использования.

